

» Ғалым мінбері

Қай кезеңде болмасын қарапайым сөйлеу тілі – әдеби тіл кеңістігінен тысқарылау тұратын тілдік бірліктердің бір тобы. Оны тұрғылықты халықтың сөйлеу тілі деп бөліп-жаруға болмайды. Кейбір қарапайым сөйлеу тілінің танымдық мазмұны төмендеу болса, кейбірінің дыбыстау тұрпаты әлсіз болып келеді. Сондықтан «...шаршы топ алдындағы сөзде, ресми жағдайдағы тілдік қарым-қатынаста қарапайым сөздерді қосып сөйлеу әдеби тілдің нормасына жат» деп есептейді профессор Нұргелді Уәли. Мысалы, ақша дегенің қырғын, қайтып кетті, не оттап жүрсің, былшылдап отыр, мен саған пысықрмаймын деген сөздердің мазмұны төмен болса, көп кетті, өкеші, келе салшы, бересашы тәрізділер дыбыстық құрамы жағынан «жарымжан», «дімкөс» сөздер. Бұл тіркестер жазуға, айтуға тыйым салынған бейәдеп сөздердің қатарына жататындықтан, әдеби тілдің нормасына жат элементтер болып табылады.



Қазақ мәдениетінің дәстүрлі сөзсаптамы қалай болмақ?

М.Әуезов өз заманында «қазақ тілінде қалай сөйлеп жүрміз?» деп толғамды ойларын ортаға салған болатын. Содан бері қазақ тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің қуаты бүгінгі тіршілігімізде орасан зор мүмкіндіктерге ие болып отыр. Дұрыс сөйлей білетін адам айтар ойын тыңдаушы зердесіне дұрыс жеткізе алады. Егер біз сөйлер сөзімізге ұқыптылықпен қарап, басы артық сөзді қолданбасақ, сөз тіркестеріміз де маржандай тізіліп тұрған болар еді. Сөйтіп, жаңағы, өлгі бар ғой, нетіп қалғанда, өйткені, мінеки, значит, допустим, базар жоқ, басынан кеткен, лох екен, қораға кірді, т.б. қойыртпақ сөздерді сөз арасына орынсыз кіргізсек, тыңдаушы қауым ешнәрсе түсінбеген болар еді. Бұл жерде керексіз сөздер айтар ойыңды көмескілеп, ажарынан айырып тұрғаны белгілі. Бұл тұрғысында қазақ-

сыз құбылысқа байланысты айтылады. Мағынасы: жаман сөз, жаман хабар, жаман үн т.б. Спорт газетінен бір мысал: «Біздің жігіттер бокстан техникалық әдістерді судай сапырды. Судай сапыру – берекесіз сөйлеу дегенге саяды. Бұл күндері қолдан жасалған осы тәрізді «су жаңа мақалдар» көбейіп кетті.

Тіл жанашырлары фразеологизмдерді дұрыс қолдана білсе дейміз. Қазақ тілінде тігісін жатқыза айтты (сөйледі) деген фразеологизм бар. Ол сөзді рет-ретімен жүйелеп, дұрыс сөйлеу дегенді білдіреді. Бірде радио хабарынан бір азаматтан сұхбат алып отырған тілші: «Бүгінгі сұхбатыңызға рақмет, өңіменің жүнін жатқыза сөйледіңіз» дегені бар емес пе?! Бұл – фразеологизмдердің табиғатын терең түсінбеуден туындаған мәселе.

айтар ойынды көмескілеп, ажарынан айырып тұрғаны белгілі. Бұл тұрғысында қазақтың дәстүрлі сөзсаптамы жайында академиктер Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбай, Н.Уәли т.б. тіл білімінің ғалымдары бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

Тіл мәдениетіне сөздерді дұрыс қолданудан бастап, сауатты жазуға дейін сан түрлі міндеттер жатады. Тіл мәдениеті ең алдымен тілдік норма және оны қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Алдымен тілдің коммуникативтік қызметін кеңейту жатса; екінші, орфографиялық және орфоэпиялық (сөйлеу барысында дұрыс дыбыстау, орфографиялық тұрғыдан сауатты жазу; үшінші, тілдік лексикалық нормасын (сөздерді орнымен дұрыс қолдану); төртінші, синтаксистік (сөйлемді дұрыс құрастыру); бесінші, фразеологизмдердің мән-мағынасын түсініп қолданысқа түсіру жататынын естен шығармауымыз керек.

Мәселен, «шегара, қыргүйек, көгенүс, қолғойду, кезкелген, жетігун, соныменғатар, қылғалам» деп дыбыстаудың орнына жазылуы бойынша қатаң буындарды сақтап қолданысқа түсіреміз. Бұл жерде айта кететін мәселе – филолог, журналист мамандардың өзі орфоэпиялық заңдылықтарды дұрыс қолданбайды. Ауызекі сөйлеуде орфографиялық заңдылықтан шыға алмаймыз, буын-дыбыс үндестігін сақтамайды. Сондықтан да қазақ тілінің өуезділігі бұзылады. Бұқаралық ақпарат құралдарынан мынадай сөз тіркестерін тыңдап жүргеніміз жасырын емес: «Жемшөп жеткілікті жасақталды», «Астық егілді», «Жанұясына еңбек етіп жүрген жан» т.б. Дұрысы: Жемшөп жасақталмайды, жиналады. Астық егілмейді, егілетін дән немесе дөнек, ал, астық бастырылады. Жанұя жасанды сөз, дұрысы – шаңырақ немесе отбасы. Кейбір газеттерден «Үкімет жасақталды», «депутаттар жасақталды» немесе «министрлер жасақталды» деген көңілге қонымсыз көлденең тіркестерді көзіміз шалып қалады. Жоғарыдағы сөздердің дұрысы – жаңадан құрылу болмақ. Жасақталатын – әскер.

Мәтіндердегі өз орнын таппай тұрған сөз тіркестері де мән беріп қарайтын мәселе. Осы орайда кейбір образды сөздерді орынды-орынсыз кез келген тұста келтіріп, жауыр етіп жіберетінімізге бірді-екілі мысал келтірейік. Мысалы, «саңлақ» сөзінің нақты мағынасы – жүйрік дегенді білдіреді. Ол тек жылқының жүйрігіне ғана айтылса керек. Саңлақ күйші дегеннен гөрі, күйшілердің саңлағы деп айтуға болатын шығар. Өкінішке қарай, соңғы кездері «саңлақ сауыншы», «саңлақ малшы», саңлақ құрылысшы» деген сипаттамаларды жиі кездестіреміз.

Тағы бір-екі мысал келтіре кетейік: «Қар кетіп, жер қарайды, сай-сала, тау етектерінде сылдырап аққан судың сүйкімді үні жүйке шымырлатып, өзіне баурап алғандай». Бұл жерде «жүйке шымырлату» деген бейнелі тіркес өз орнында емес. Ол жағым-

дердің табиғатын терең түсінбеуден туындаған мәселе.

Орыс тілінде өте ұқсас, бірінен бірін ажыратуға болмайтын нәрсені «как две капли воды» деген екінші номинациямен береді. Біздің «жаңа қазақтар» осы фразеологизмді «егіз тамшыдай» деп қолданып жүр. Егіз тамшыдан гөрі егіз қозы деген тіркесте ұлттық болмыс қалыптасқан емес пе?

Біз ақпарат құралдарынан «салауатты өмір салты, салауатты өмір» дегенді естіп, оқып та жүрміз. Салауат – кешірім, дұға оқу дегенді білдіреді. Өткенге салауат деген сөздің мағынасы осыған саяды. Дұрысы – саламат, саламат сөзінің мазмұны – саулық, амандық, дертсіз деген ұғымды білдіреді. Сондықтан қазақ бір-біріне амандасарда «Саламатсыз ба?», қоштасарда «Сау-саламат болыңыз!» дейді. Сондықтан «Саламатты өмір салты» деген әлдеқайда дұрыс.

Осыдан біршама жыл бұрын университетте педагогтердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Сол жерде бір ғалым сөзінің арасында «...мейірімділіктің қатайған шағында» деген сөз тіркесін көбірек қолданды. Мейірімділік адам бойынан азаяды немесе жоғалады, мейірімділік қатаймайды. М.Әуезов кезінде «сөз дұрыс қолданысқа түссе бір-біріне жарығын, сөулесін түсіріп тұрады, егер дұрыс қолданыс таппаса, бір-біріне көлеңкесін түсіріп тұрады» деген болатын. Бұл жердегі, «...мейірімділіктің қатайған шағында» деген бір-біріне көлеңкесін түсіріп тұрған сөз тіркесі екені көзіқарақты адамға түсінікті жайт.

Тағы бір айта кететін мәселе, туыстық негіздегі атаулар туралы. Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша ер азаматтың үш жұрты болады. Олар: ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Сол сияқты тұрмыс құрып, ұзатылған қыздардың да үш жұрты болады. Ер азаматқа қарағанда, қыз жұрты өзгешелеу болып келеді. Өзінің балалық шағын өткізген алтын босағасы ұзатылғаннан кейін төркін жұрты болып қалады. Аттап басқан ақ босағасы – өз жұрты болып табылады. Қызда қайын жұрт деген болмайды! Қайын деген сөз туыстық іліктік қатынастарды көрсетеді. Өлбетте, нағашы жұрт қыз баласының сүйеніші, қорғанышы.

Олай болса, сөз мәдениетіне ден қойған, әдеби тілдің тазалығын көздеген, оның нормасын мойындаған, міндетті деп таныған адам әлгіндей тілдік бірліктердің әдеби нормаға сай түрін қолданып, мәдениеттіліктің үлгісін көрсеткенін жөн деп ұғамыз.

**Болатбек ТІЛЕУБЕРДИЕВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан зерттеу университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
кафедрасының профессоры,
филология ғылымының докторы.**